

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы «Лингвистика»
бойынша философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор дәрежесін алу
үшін дайындалған диссертацияларды қорғау бойынша диссертациялық
кеңестің 2020 жылғы жұмысының
ЕСЕБІ**

Диссертациялық кеңестің төрағасы филология ғылымдарының докторы Ж.Қ. Ибраева әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректорының 2019 жылғы 18 ақпандағы бұйрығымен бекітілді.

Диссертациялық кеңеске келесі мамандықтар бойынша диссертацияларды қорғауға қабылдауға рұқсат берілді:

6D021300 – лингвистика;

6D020700 – аударма ісі;

6D020900 – шығыстану (филология ғылымдары);

6D021200 – түркітану.

1. Өткізілген мәжілістердің саны – 12 (тағайындау, сараптама, қорғауға қабылдау, диссертацияны қорғау).

2. Мәжілістердің жартысынан азына қатысқан кеңес мүшесі, 1 – 12 сағаттық уақыт айырмашылығына байланысты У. Риверс (Вашингтон, АҚШ).

3. Оқу мекемелері көрсетілген докторанттардың тізімі:

№	Докторанттың ТЕӘ	Мамандықтың шифры және атауы	Оқу мекемесі
1	Жапарова Асемжан Жапарқызы	6D020700 – аударма ісі	әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
2	Конкабаева Назым Нурболатовна	6D021300 – лингвистика	
3	Маралбек Ермұхамет		А. Байтұрсынов ат. Тіл білімі институты
4	Әлиакбарова Айгерім Тілесбекқызы		әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
5	Жусупова Акбота Утепбергеновна	6D020700 – аударма ісі	
6	Құрманбаева Ақмарал Жұмаділлақызы	6D021300 – лингвистика	А. Байтұрсынов ат. Тіл білімі институты
7	Шормакова Арайлым Ботановна		

4. Есеп беріліп отырған жылда кеңес қарастырған диссертациялардың қысқаша талдануы, келесі бөлімдерге мән берілді:

Қарастырылған жұмыстардың тақырыптарын талдау, диссертация тақырыптарының ұлттық мемлекеттік бағдарламалармен, сонымен қатар мақсаттық республикалық және аймақтық ғылыми және ғылыми-

техникалық бағдарламалармен байланысы

Кеңесте қарастырылған диссертациялар жалпы тіл білімі және еуропа тілдері, шетел филологиясы және аударма ісі кафедраларында, Түріксой, А. Байтұрсынов ат. Тіл білімі институтында дайындалған салалық бағдарламалардың аясында орындалды: «Салыстырмалы-типологиялық аспектідегі тілдің негізгі бірліктері», «Әдеби компаративистика, мәдениетаралық коммуникация», «Латын әліпбиінің негізінде қазақ жазуының жаңаруының лингвистикалық базасының әзірленуі». Сонымен қатар, диссертациялардың тақырыбы, мақсаты, міндеттері «Рухани жаңғыру», «Мәдени мұра» және «Цифрлық Қазақстан» секілді ҚР жетекші мемлекеттік бағдарламалары мен реформаларының міндеттерімен тілкелей байланысты.

А.Ж. Жапарованың «Абай поэзиясындағы метафора және оның орыс, ағылшын тілдеріндегі аудармалары: салыстырмалы талдау» диссертациялық зерттеуі поэтикалық жүйедегі метафоралардың функционалдық ерекшеліктерін зерттеуге арналды. Диссертация шығармалары әлі күнге өзекті әрі заманауи Абайдың 175 жылдық мерейтойының қарсаңында қорғалды, бұл жұмыстың өзектілігін көрсетті.

Н.Н. Конкабаеваның диссертациялық зерттеуінің нысаны – ортағасырлық «Ат-Тухфа» (XV ғ.) қолжазбасы. Зерттеу тарихы қарастырылды, тарихи-лингвистикалық интерпретация ұсынылды, қолжазбаның лексемаларының және тілдік бірліктерінің құрылымдары талданды. Қолжазба – ортағасырлық араб және қыпшақ тілдері, түркі тілдері дамуының тарихы туралы ғылыми ақпаратты көрсететін лингвистикалық дереккөз. Жұмыстың өзектілігі ҚР басым мемлекеттік бағдарламаларымен байланысынан көрінеді.

А.У. Жүсүпованың жұмысында А. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясындағы этномәдени сәйкестіктің аударылу мәселесі зерттелді. Мазмұнды қайта құру және түпнұсқа мәтін тіліндегі бірліктердің аударма тілде берілуі кезіндегі этномәдени тілдік бірліктерді білдіру механизмдеріне талдау жасалды.

Е.А. Маралбектің диссертациясының өзектілігі мөлшер категориясының тілдік репрезентациясы мен функционалды ерекшеліктерінің қазақ тілінің тарихи даму кезеңдері бойынша (V–IX ғғ., X–XII ғғ., XIII–XIV ғғ., XV–XVIII ғғ., XIX – XX ғғ.) зерттелуінен көрінеді.

А.Т. Әлиакбарованың диссертациясы лингвистиканың ғылыми-теориялық және практикалық қызықты әрі өзекті аспектісі – антропонимияға арналды. Зерттеудің мақсаты – заманауи қазақ антропонимиясындағы жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайларға қатысты туындайтын ұрпақаралық трансмиссия және трансформация нәтижелерін айқындау.

А.Ж. Құрманбаеваның диссертациялық зерттеуінде мәні қазақстандық лингвистикадағы сұлулық индустриясы терминдерін унификациялау, кодификациялау және стандарттау маңыздылығымен анықталатын сұлулық индустриясы терминологиясының қалыптасуы қарастырылды.

А.Б. Шормакованың диссертациясының негізгі мақсаты қазақ тіліндегі өсімдік атауларының мазмұнындағы ұлт болмысын танытатын мәдени-тілдік

ақпаратты ашу болып табылады. Ассоциативті-экспериментті сауалнама негізінде «жусан» өсімдігі атауының лингвомәдени концепті негізделді.

Жұмыс нәтижелерін, нақты жұмыс ұсыныстарын кең түрде енгізу бойынша қарастырылған ғылыми нәтижелерді пайдалану деңгейін талдау

А.Ж. Жапарованың диссертациясында жеті ғылыми тұжырым ұсынылды, олар халықаралық конференцияларда, семинарларда талқыланды, Зерттеу нәтижелері бойынша Скопус (Scopus) мәліметтер базасында 3 мақала, ҚР БҒБ Білім және Ғылым саласындағы қадағалау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда, халықаралық конференциялардың материалдарында бірнеше мақала жарияланды. Зерттеу жұмысының нәтижелері аударматану бойынша оқулықтар, оқу құралдары, әдістемелік нұсқаулықтарды жазу кезінде, «Аударматану», «Абайтану» т.б. арнайы курстарда өтілетін дәрістер мен семинар сабақтарында пайдалануға болады.

Ізденуші Н.Н. Конкабаева жаңа ғылыми нәтижелер алды, соның ішінде, «Ат-Тухфа» қолжазбасына палеографиялық талдау және кешенді сипаттау жасалды, қолжазба тіліндегі қыпшақ, оғыз, қарлұқ тілдерінің элементтері анықталды және тарихи фактілермен дәлелденді, ортағасырлық сөздіктегі этнографизмдерді талдау негізінде Египеттегі қыпшақтардың этномәдени ерекшеліктері сипатталды. Зерттеудің қорытындылары мен нәтижелері бойынша 12 мақала жарияланды. Зерттеу нәтижелерін Қазақстан тарихына бойынша оқу сөздіктерінде фактілік және көрнекілік материал ретінде қолдануға болады. Ізденуші құрастырған араб-қыпшақ сөздігін түркітану мамандығы бойынша бакалавр, магистрант, докторанттарға «Ортағасырлық түркі ескерткіштері» пәніне қосымша құрал ретінде қолдануға болады.

Е. Маралбектің зерттеуінің негізгі ғылыми нәтижелері «Жұмсалымды грамматика» оқулық-монографиясында, халықаралық ғылыми-теориялық және практикалық конференцияларда берілді. Оның ішінде Скопус деректер базасының халықаралық ғылыми журналында 1 мақала жарияланды. Жұмыс нәтижелері бойынша «Мөлшер категориясының тарихи парадигмасы» деп аталатын тілді категория шеңберінде модельдеп үйретуге арналған электронды әдістемелік құрал мен бағдарлама жасауға, қазақ тілінің дәстүрлі өлшемдерінің модельді картасы мен оның электронды нұсқасын жасауға болады. Сондай-ақ «Wikipedia» ашық энциклопедиясы мен қазақ тілді «Google» базасын толықтыруға материал бола алады.

А.У. Жусупованың диссертациясында бес ғылыми тұжырым алынды, ол жұмыста қолданылған әдістемелермен және фактілік материалды талдаумен расталды, ҚР БҒМ БҒСБК ұсынған журналдарда 5 мақала жарияланды. Сонымен қатар зерттеудің практикалық маңыздылығы оның нәтижелерін көркем мәтіндегі этномәдени сипаттамаларды аудару барысында, жас аудармашылардың аудару тәжірибесіне пайдалану мүмкіндігімен де ерекшеленеді.

А.Ж. Құрманбаеваның зерттеу нәтижелері қазіргі қазақ терминологиясы жөнінде жаңа ой-пайымдаулар жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, зерттеу барысында алынған нәтижелер мен тұжырымдардың бірқатары сұлулық индустрия саласының мамандарын тілдік дайындауда, сол сала

аудармашыларына семинар-тренинг, түрлі курстар ұйымдастыруда, олардың кәсіби қызметі барысында терминдер жұмсалымын дұрыс бағытқа қоюға септігін тигізеді.

А.Б. Шормакова зерттеген қазақ тіліндегі өсімдік атаулары тіл мен мәдениет байланысында танымдық тұрғыда бірінші рет зерттеу пәні болды. Қазақ мәдениетіндегі символдану үдерісінің мысалы ретінде «жусан» өсімдігі лингвомәдени концепт ретінде дәлелденді. Жиналған материалдар негізінде өсімдік атауларының floratanym.kz танымдық сайты әзірленді. Зерттеу нәтижелері бойынша Сопус базасындағы журналда 1 мақала, отандық халықаралық конференциялар жинақтарында 8 мақала, ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (БҒСБК) ұсынған тізімге енетін журналдарда 3 мақала жарық көрді.

5. Рецензенттер жұмысын талдау (сапасыз пікірлердің мысалымен)

Диссертациялық жұмыстар туралы пікірлерді ресми рецензенттер уақытылы ұсынып отырды. Барлық рецензенттердің пікірлері ҚР БҒМ БҒСБК талаптарына сай келеді. Диссертациялар туралы пікірлер оң болды.

Рецензенттер тарапынан формалды, сапасыз қарым-қатынас фактілері анықталмады.

6. Ғылыми кадрларды дайындау жүйесін әрі қарай жетілдіру бойынша ұсыныстар

Қазақстандық жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі шетелдік жоғары оқу орындарының үздік білім беру үлгілерін қабылдай отырып, күрделі реформалану сатысынан өтіп жатқаны белгілі. Көптеген шетелдік жоғары оқу орындары 4 жылдық PhD докторанттарын дайындау тәжірибесін пайдалануда. Қазақстанда докторантурада оқу, диссертацияны, индекстелетін мақалаларды жазу мерзімі үш жылды қрайды, осындай аз мерзім ішінде зерттеудің сапалы, шынайы, негізді тұжырымдары мен нәтижелерін жинау, өңдеу және ұсыну өте қиын. Диссертациялық кеңес докторантура мерзімін 4 жылға ұзартуды ұсынады.

